



## **Сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін беру тәртібі туралы хаттамаға қол қою туралы**

Казақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы N 2073 Қаулысы

Казақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін беру тәртібі туралы хаттаманың жобасы макұлдансын.

2. Сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін беру тәртібі туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Казақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министри*

*K. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

10

желтоқсандағы

N 2073

қаулысымен

макұлданған

жоба

## **Сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін беру тәртібі туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шенберіндегі кеден одағына мүше мемлекеттердің үкіметтері,

2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының тауарларымен сыртқы және өзара сауданың кедендік статистикасын жүргізу туралы келісімді іске асыру мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Хаттама Кеден одағы комиссиясының Кедендік статистика орталығына (бұдан әрі — Орталық) Тараптардың Орталыққа деректер беруге жауапты уәкілетті органдарының кеден одағының тауарларымен сыртқы сауданың кедендік статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін (бұдан әрі — сыртқы сауда статистикасының және өзара сауда статистикасының деректері) беруді жүзеге асыруының негіздерін анықтайды.

2-бап

Сыртқы сауда статистикасының және өзара сауда статистикасының деректерін Орталық беру үшін дайындау мен қалыптастыруды Тараптардың уәкілетті органдары сыртқы сауда статистикасын және өзара сауда статистикасын жүргізудің бірыңғай әдіснамасына сәйкес жүзеге асырады.

Тараптардың уәкілетті органдары сыртқы сауда статистикасының және өзара сауда статистикасының деректерін Орталықта беруді Сыртқы сауда статистикасының және өзара сауда статистикасының деректерін берудің техникалық шарттарына (бұдан әрі - Техникалық шарттар) сәйкес жүзеге асырады.

Техникалық шарттарды Тараптардың уәкілетті органдарымен келісім бойынша Кеден одағының комиссиясы өзірлейді және бекітеді. Техникалық шарттарда осы Хаттаманың 4-бабында келтірілген сыртқы және өзара сауда көрсеткіштері тізбесіне сәйкес берілетін ақпараттың форматына және деректер бери құралдарына қойылатын қажетті талаптар болуы тиіс.

3-бап

Тараптардың уәкілетті органдары Техникалық шарттарға сәйкес берілетін деректердің толықтығын, дұрыстығын және өзектілігін қамтамасыз ету жөнінде  
ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

Тараптардың уәкілетті органдары өзекті етілген нормативтік-анықтамалық ақпаратты Орталыққа дейін уақтылы жеткізуді жүзеге асырады.

4-бап

Тараптардың уәкілетті органдары Орталыққа беретін статистикалық деректерде  
мына дай мәліметтер болуға тиіс:  
сұртқы сауда бойынша;  
бірыңгай СЭҚ ТН-ге (10 таңба) сәйкес тауар коды;  
өткізу бағыты;  
кеzeңi (айы);  
статистикалық құны (АҚШ долларымен);  
нетто салмағы (кг);  
бірыңгай СЭҚ ТН-ге сәйкес қосымша өлшем бірлігінің коды;  
қосымша өлшем бірлігіндегі тауар саны;  
межелі елі;  
шығарылған елі;  
жөнелтуші ел;  
сататын ел;

шекарадағы көлік тұрі;  
өзара сауда бойынша:  
бірыңғай СЭК ТН-ге сәйкес тауар коды;  
өткізу бағыты;  
кеzeңi (айы);  
құны (АҚШ долларымен және ұлттық валюталармен);  
нетто салмағы (кг);  
бірыңғай СЭК ТН-ге сәйкес қосымша өлшем бірлігінің коды;  
қосымша өлшем бірлігіндегі тауар саны;  
межелі елі;  
шығарылған елі;  
жөнелтуші ел;  
сататын ел.

## 5-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар бірінші кезекте, консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

Егер дауласуши Тараптар дауды консультациялар мен келіссөздер жолымен дауласуши Тараптардың бірі екінші дауласуши Тарапқа оларды жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш жасаған күнінен бастап алты ай ішінде реттемесе, дауласуши Тараптар арасында оны шешу тәсіліне қатысты өзге уағдаласу болмаған жағдайда, дауласуши Тараптардың кез келгені бұл дауды қарауға Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына берे алады.

## 6-бап

Осы Хаттамаға Тараптардың уағдаластығы бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## 7-бап

Осы Хаттаманың күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2008 жылғы "\_\_" қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа  
данада жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады, депозитарийдің

функциясы Кеден одағының комиссиясына берілгенге дейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті депозитарий болып табылады. Депозитарий осы Хаттаманың куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК